

Табиғи монополиялар аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010 жылғы 11 ақпанды № 44-НҚ және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 15 ақпанды № 53 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6072 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 19 маусымдағы № 139-НҚ және Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 204 Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.06.19 № 139-НҚ және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.06.25 № 204 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Бақылау және талап қою департаменті (М. Орынбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Экімшілік жұмысы департаменті (Е. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіппен ресми жариялауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің ресми сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Е.К. Құдайбергеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігінің төрағасы *Н. Алдабергенов*
Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының 2010 жылғы
11 ақпандагы № 44-НҚ және
Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрінің 2010 жылғы 15 ақпандагы
№ 53 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Табиғи монополиялар аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері

1. Осы Табиғи монополиялар аясында тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және тәуекелдердің деңгейінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің жиынтығын айқындайды, олардың негізінде табиғи монополиялар субъектілерін (бұдан әрі – Субъектілер) бағалау және тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызу жүзеге асырылады.

2. Осы Критерийлер Заңды тұлға құрмаған, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын дара кәсіпкерлер және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын және жыл бойғы активтерінің орташа жылдық құны тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік болып табылатын субъектілерге таратылмайды.

3. Осы Критерийлерде тәуекел деп Субъектінің қызметі нәтижесінде тұтынушылардың заңды мұдделеріне оның зардал келтіру, сондай-ақ Субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдалануға тұтынушылардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген құқықтарына олардың салдарлар ауыртпалығының

дәрежесін ескере отырып қысым жасау мүмкіндігі түсініледі.

4. Субъектілерді тәуекелдер дәрежелері бойынша бөлу мақсатында тәуекелдерді бағалау осы Критерийлерге қосымшаға сәйкес Тәуекелдер дәрежесін (бұдан әрі – Сапалық көрсеткіштер) бағалаудың сапалық көрсеткіштерінің негізінде жүзеге асырылады.

5. Сапалық көрсеткіштерде көрсетілген әрбір бұзушылыққа, ол болған жағдайда тиісті балл беріледі.

Егер Субъектінің іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі бірнеше Сапалық көрсеткіштерге тап болған жағдайда балл қосылады.

6. Сапалық көрсеткіштер бойынша балдар жалпы жиынтық қорытындыны айқындау үшін қосылады.

7. Жиынтық қорытындының нәтижелері Субъектілерді тәуекелдер дәрежесі бойынша саралау үшін қолданылады.

8. Субъектілерді тәуекелдер дәрежесіне саралау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

жоғары тәуекел тобына 31 және одан көп балл;

орташа тәуекел тобына – 11-ден 30-ға дейін;

шамалы тәуекел тобына - 0-ден 10-ға дейін бал алған Субъектілер жатқызылады.

9. Егер табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнаманы қандай да бір бұзушылықтар Субъектінің табыс (түсім) алудың әкелген жағдайда, онда сондай Субъект берілген балдың жиынтығына қарамастан жоғарғы тәуекел деңгейіне жатқызылады.

10. Тексеруге тап болған Субъектілер оларды тәуекелдер дәрежелеріне бөлу мақсатында Сапалық көрсеткіштердің негізінде тәуекелдер қайтадан бағалауға жатады.

11. Жоспарланып отырған тексерулердің саны Субъектілердің тәуекелдеріне жүргізілген бағалаудың нәтижесіне және тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының санына сүйене отырып белгіленеді.

12. Бір тәуекел тобының ішінен Субъектілерді іріктеуді уәкілетті орган мынадай қағидаттар бойынша жүзеге асырады:

1) тексеру жоспарына неғұрлым көп уақыт кезеңінде тексерілмеген Субъект кіреді (тексерілмеген кезеңді анықтағанда, жоспардан тыс тақырыптық тексерулер есепке алынбайды);

2) тексеру жоспарына неғұрлым көп балл жиынтығын алған субъектілер енгізіледі;

3) егер қаралып отырған Субъектілер көрсетілген параметрлер бойынша тең жағдайда болса, тексеру жоспарына реттеліп көрсетілетін қызмет түрлерінен жылдық табыс жиынтығы неғұрлым көп объект енгізіледі.

Табиғи монополия аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау Критерийлеріне қосымша

Тәуекелдердің дәрежесін бағалаудың сапалық көрсеткіштері

p/c №	Қазақстан Республикасының Зандарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптардың бұзылуы	Баллдар беру шарты	Баллдар
1	Заңмен тыйым салынған қызметті көрсете және өзге қызметті жүзеге асыру, не Заңмен рұқсат етілген уәкілетті органның тиісті келісімінен қызметтінің өзге түрлерін көрсете	иә	5
		жок	0
2	барлығы өндіріспен және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынумен, сондай-ақ Занға сәйкес табиғи монополия субъектісі үшін рұқсат етілген қызметті жүзеге асырумен байланысы жок мүлікке меншік және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығына ие болу	иә	5
		жок	0
3	мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетакы қорларынан, арнайы қаржы компанияларынан, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі үшін Занда рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан басқа, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (улестерін) иеленуге немесе олардың қызметтіне өзге жолмен қатысу	иә	10
		жок	0
4	уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін ақы алу	иә	10
		жок	0
5	Занда көзделмеген қосымша ақы алуға немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің мәніне қатысы жок (қаржылық қаражаттарды және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды және басқаны беру) қосымша міндеттемелерді өзге түрде тану	иә	10
		жок	0
6	пайдаланылатын стратегиялық тауарларға арналған шығыстар ұлғайтылатын, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаның баптарында көзделген қаражатты бес проценттен астам көтеру	иә	3
		жок	0
7	табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын құштеп тану немесе тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасау	иә	10
		жок	0
8	реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезде технологиялық циклда пайдаланылатын жеке меншік құқығымен немесе занды негізде өзгеше тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға, лизингті қоса алғанда, мүліктік жалдау (жалға беру)	иә	10
		жок	0
9	арнайы қаржы компаниясының секьюритилендіру туралы мәмілелері бойынша талап ету құқықтарын басқаға беруді қоспағанда, ұсынылатын реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын басқаға беру	иә	5
		жок	0
	реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін жосықсыз тұтынушылардың төлемеуіне байланысты	иә	10

10	адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан бас тарту	жок	0
11	реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты емес шығындарды олардың тарифтеріне (бағаларға, алымдар ставкаларына) немесе олардың шекті деңгейін енгізу	иә	10
		жок	0
12	белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражатты мақсатсыз пайдалану	иә	5
		жок	0
13	мемлекеттік органдар өздерінің құзыretі шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) акы талап ету	иә	5
		жок	0
14	мыналар: тарифтік сметада қамтылатын; реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату шығындары және акы алу тетігі, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу және орнату туралы; ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) туралы акпаратты коммерциялық құпия деп тану	иә	5
		жок	0
15	ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) уәкілді орган бекіткен тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін ескере отырып, мемлекеттік органдар өздерінің құзыretі шегінде белгілеген, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларды жалпыға бірдей қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындау	иә	3
		жок	0
16	тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) жасағаны үшін олардан Занда белгіленген өзге жағдайларды қоспағанда өз кассалары, сондай-ақ банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар арқылы төлемдер қабылдауды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындау	иә	3
		жок	0
17	реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайларын, оның ішінде уәкілді орган бекіткен тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынбау	иә	5
		жок	0
18	тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейінен аспайтын бірыңғай тарифтер (бағалар, алым ставкалары) деңгейлері бойынша ұсыну бойынша міндеттемелерді орындау	иә	5
		жок	0
	Занмен және Қазақстан Республикасының өзге де заннамалық актілерінде белгіленген тәртіпті бұзып шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифті (бағаны, алым ставкасын)	иә	5
			0

	нemесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алушы жүзеге асыру	жок	
19			
20	аудиторлық ұйымдардың міндетті жыл сайынғы аудитті жүргізу бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппе және мерзімде аудиторлық есеп пен жылдық қаржы есептілігін жариялау бойынша міндеттерді орынданамау не тиісті емес орындау	иә	3
		жок	0
21	реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтас алғанда уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу бойынша міндеттерді орынданамау	иә	3
		жок	0
22	тарифтік сметаны орынданамау, тарифтік сметаның орындалуы туралы немесе оны ұсынбау туралы есеп беруді орынданамау үақытылы ұсынбау	иә	5
		жок	0
23	уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тұтынушылардың және өзге де мұдделі тұлғалардың алдындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі жұмысы туралы жыл сайынғы есеп бойынша міндеттерді орынданамау	иә	3
		жок	0
24	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ұлғі шарттарға сәйкес ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне, сондай-ақ ұсынылатын реттеліп көрсетілетін өзге де қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жыныстығына тұтынушылармен жеке шарттар жасау бойынша міндеттерді орынданамау	иә	3
		жок	0
25	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ынтымақтастықтың ұлғі шарттарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару органымен оларға реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне ынтымақтастық шарттарын жасау бойынша міндетті орынданамау	иә	3
		жок	0
26	тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есептеу аспаптарын сатып алуға және оларды тұтынушыларға орнату бойынша міндетті орынданамау	иә	3
		жок	0
27	есептеу аспабы істен шыққан жағдайда, есептеу аспаптарының орташа айлық көрсеткіштері бойынша реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен акы өндіріп алу бойынша міндетті орынданамау	иә	5
		жок	0
28	заннамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органның келісімінсіз негізгі құралдарға қайта бағалауды жүргізу	иә	5
		жок	0
		иә	10

29	реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарын бұзу	жок	0
30	Занда белгіленген мерзімде тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) төмендету туралы уәкілетті орган мен тұтынушыларды хабардар етпей	иә	10
		жок	0
31	Қазақстан Республикасының салық заңдары тиісінше өзгертіліп, соның нәтижесінде табиғи монополия субъектісі шығындарының құны азайған жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін атап өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендету бойынша міндettі орынданамау	иә	3
		жок	0
32	мұлікті мемлекет меншігіне беру жағдайларын қоспағанда, өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға арналған мұлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен айыру бойынша міндettі орынданамау	иә	5
		жок	0
33	уәкілетті орган белгілеген тәртіппен табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алу әдістемесін әзірлеу және келісу бойынша міндettі орынданамау	иә	5
		жок	0
34	табиғи монополиялар субъектілерінің белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) орынданамау	иә	5
		жок	0
35	Занда көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган бекіткен реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тікелей пайдаланатын шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларын бес проценттен астам көтеру	иә	5
		жок	0
36	нормативten тыс ысыраптар болған жағдайда оларды жою жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру міндettін орынданамау	иә	3
		жок	0
37	нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейін уәкілетті орган белгілеген шамага және мерзімге төмендетпей	иә	3
		жок	0
38	табиғи монополия субъектілерінің уәкілетті органға ақпаратты, есепті, ескертуді белгіленген мерзімде немесе белгіленген мерзімді бұзып (көрсетілген жағдайлардың әр қайсысына жеке балл қосылады) ұсынбау	иә	3
		жок	0
39	табиғи монополиялар субъектілері өтінімді уәкілетті органға тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды жалпы қайта қараша үшін, Занда белгіленген жағдайда жалпы тәртіппен алты айдан кешіктірмей өтінім ұсынбау	иә	5
		жок	0
40	Заңның 18-1-бабында көзделген іс-эрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінішті уәкілетті органға уақытылы ұсынбау	ия	5
		жок	0

Ескерту: Заң – «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК